

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Сиқырлы құлып

ЖАРИЯЛАНДЫ  
27.02.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/132911/

Бөлімі: ҚМҰҚ

Тақырыбы: «Орман тұрғындарына бару»

Мақсаты:

Білімділік:

-Таныс геометриялық пішіндерді: шеңберді, шаршыны, үшбұрышты атау және ажырату мүмкіндігін жақсарту.

-Бастапқы түстерге көңіл бөлу.

-Бөлшектердің санын (бір, көп) табу және көрсету мүмкіндігін түзету:

-Екі нысанды ұзындықты (қысқа, ұзақ), қабаттастыру арқылы салыстыру қабілетін жақсарту.

Дамытушылық:

-Ұсақ қол моторикасын, есте сақтау қабілеттерін және сөйлеу белсенділігін дамыту.

-Жоғарғы төменгі белдеулерін білдіретін қағаз парағына өту мүмкіндігі.

Тәрбиелік:

-Жауапкершілікті, шыдамдылықты, басқаларға көмектесуді, қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеу.

Құрал жабдықтар:

Картоннан – шырша ағаштары, геометриялық пішіндер, шарлар, қоржындар, әр түрлі ұзындық пен ені жолақтар, жұмсақ ойыншық — тиын, аю.

Сабақ барысы:

Шаттық шеңбері: «Кел, балалар күлейік»

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік!

Қабақ түйген не керек,

Көңілді боп жүрейік!

Кел, балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады,

Күліп өмір сүрейік!

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, бізге қаншама көп қонақтар келді.

Қане, амандасып алайық! (Амандасады).

Тәрбиеші: Балалар, бізге тағы бір қонақ келді, (Амандасады) Ол не екен?

Балалар: Аююю

Тәрбиеші: қане, аюға ат қояйықшы, қалай атаймыз аюды?

Балалар: Қонжық.

Тәрбиеші: Жақсы. Ал, кім маған айтады, Қонжық қайда тұрады?

Балалар: Орманда

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар балалар! Ал, сендермен ендеше қайда барамыз деп ойлайсыңдар?

Балалар: Орманға

Тәрбиеші: онда мен сендерге бүгін аю мен бірге орманға баруға сиқырлы ұшақ-шарымен ұшуға ұсынғым келіп тұр.

Сиқырлы ұшақ шар

(тәрбиеші шарға және геометриялық фигуралардан жасалған тесіктерге назар аударады )

Тәрбиеші: Ой, балалар, сәтсіздік! Біздің шарымызды тышқандар жеп қойыпты. Енді оны жөндеу керек, ол үшін не істейміз?

Балалар: Көмектесеміз

Ойын: «Шарды жөндеуге көмектес»

Балалар шарды жөндеуге қолайлы геометриялық пішіндерді таңдайды және анықтайды.

Тәрбиеші: шарды жөндеуге кіріспес бұрын , алдымен геометриялық пішіндерді атап өтейік.

Балалар; үшбұрыш, шаршы, шеңбер

Тәрбиеші: пішіндер қандай түсті?

Балалар: Қызыл, сары, жасыл

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Сендер маған шарды жөндеуге көмектестіңдер, ал ендеше шардың ішіне кіреміз, көзімізді жұмамыз, енді ұшамыз.

Музыка әуені қойылады.

Қызыл, сары, жасыл шар,

Қолымызды көп шар,

Әуеде қалқиды,

Әніміз шалқиды.

Шардан түсеміз.

Тәрбиеші: Міне, біз орманға келіп жеттік!

Тәрбиеші: балалар, қандай ағаштар орманда өседі?

Балалар: Шырша ағаштары

Тәрбиеші: Шырша ағаштары нешеу?

Балалар: бес

Тәрбиеші: ал, Қонжық ше?

Балалар: біреу

Тәрбиеші: балалар, біздің Қонжық шаршап қалған сияқты, ендеше көңілін көтерейікші.

Сергіту сәті: «Арам зам зам»

Тәрбиеші: Балалар, біздің Қонжық қимылдарды мұқият орындаған кезде аяғына бірдене кіріп кеткен сияқты. Қараңдаршы, не шашылып жатыр?

Балалар: бүршіктер

Тәрбиеші: не шашты екен бүршіктерді?

Балалар: тиын (Амандасады)

Тәрбиеші: балалар, тиын бүршіктерді себетіне жинап жатқан кезде, шашып алыпты, ал біз байқамай қалдық.

Тәрбиеші: Қане, қонжықпен бірге тиынға бүршіктерді себетке жинауға көмектесейік.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Тәрбиеші: ал, енді тиынмен қоштасайық!

Балалар: сау бол Тиын!

Тәрбиеші: Балалар, бізге Қонжығымыз, әдемі жолақтар дайындапты. Балалар, сендер жолақтардың түстеріне көңіл аудардыңдар ма?

Балалар: түстері әр түрлі, қызыл, жасыл, сары.

Тәрбиеші: Ал енді ұзындықтарын салыстырып көрейікші?

Балалар: ұзындықтары әр түрлі.

Тәрбиеші: бұны қалай тексеруге және салыстыруға болады?

Балалар: бір жолақты екінші жолақтың үстіне қою керек.

Тәрбиеші: Дұрыс балалар! Айтындаршы, қай түсті жолақ ұзын, ал қай түсті жолақ қысқа?

Балалар: жауап береді

Тәрбиеші: Біздің де орманға сапарымыз осымен аяқталды. Қонжық сендерге қуанды, сендермен қонаққа бару

**КМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.